

2021-22 оқу жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша
№7 мектеп-лицейі кітапханасында атқарылған іс-шаралар есебі

Тәрбие мен білім егіз ұғым десек, жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы.

Мектеп кітапханасы – кітап арқылы оқушылардың жан-жақты білім алуымен қатар, патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси сапасын қалыптастырып, ғылыми, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден-бір әлеуметтік орын. Біздің жауапкершілікті міндетіміз: кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастыру арқылы оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, жан-жақты дамыту болып табылады.

Кітапхана саласында қолданып жатқан жаңа ақпараттық технологиялар, электрондық ресурстар, пайдаланушыларға қызмет көрсетудің жаңа формалары, кітапхана қорларын автоматтандыру – бұл бүгін күннің белесі.

Мектеп кітапханасының алға қойған негізгі мақсаттарының бірі, жас оқырманның таусылмас қазынасы, мәңгілік жан азығы кітапқа деген қызығушылығын арттыру, қадір-қасиетін ұғындыру. Белгілі бағдар бейімі анық оқушыға сауапты кеңес беру, оқушының өзіне деген сенімін қалыптастыру, баспасөз беттері мен әлеуметтік желіге оқушы шығармашылығын жариялау.

Заманауи мектеп кітапханасы ақпарат жинақтаушы және сақтаушы, білімдер жиынтығының қуат көзіне айналуда. Академик Д.Лихачев: *«Кітапханашы өзінің жалғыз тақырыбымен емес, өзгелердің көптеген «бөгде» тақырыптармен жұмыс істейтін ғалым»* демекші, мектеп кітапханасының негізгі жүйесін жетілдіруде жоспарлы түрде көптеген іс-шаралар өткізудеміз.

1-3 слайд «Артық білім кітапта, ерінбе оқып көруге» Абай айтқандай

аудандық «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша

№7 мектеп-лицейінде кітапхананың тұрақты оқырмандары оқушыларды, отбасы мүшелері мен ата-аналарының да жауапкершілік сезімін көтеруге ықпал етудеміз.

Онлайн-оқуларды сынып жетекшілер чаты (Chat – Чат (*ағылшынша to chat – сөйлеу*) – бұл интернет арқылы тікелей қарым-қатынас жасау. Чаттың мазмұны «осында және қазір» ғана бар – чат терезесінде оған қатысушылардың хабарламалар ағыны жүгіріп тұрады.) арқылы үнемі жеткізіліп тұрады. (*Информация об онлайн конкурсах в чатах*)

Библиофреш – (англ. fresh – жаңарған) жаңа кітаптарға библиографиялық шолу жасау. Біз қыркүйек айында мектеп кітапхансына келіп түскен кітаптарға арналған «Кітапханалық-ақпарат» видеоролик жасадық.

4 слайд 01.03. 2021 күні №7 мектеп-лицейі мектеп директоры Сураганов Дамир Чокановичтың ұйымдастыруымен аудандық «Кітапқа құштар мектеп» жобасы аясында мектеп ғимаратының холлында заманауи «Мобильді кітапхана» орналастырылды.

Оқушылар мен ата-аналарға таңдаған әдеби шығарманы QR- кодпен оқу таныстырылды. **«Мобильді кітапханаға»** Абай қара сөздері, қазақ прозасы мен поэзия майталмандарының кітаптары енгізілді. (*Наглядная современная форма пропаганда книги*)

«Мобильді кітапханада» орналасқан кітаптар тізбесінде республикалық акция «Бір ел-бір кітап» бойынша **«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына - 30 кітап»** поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы авторлардың 30 ең үздік жұмыстары, сондай-ақ осы авторлардың әр жылдары жарық көрген кітаптары ұсынылған.

5-6 слайд “Мобильді кітапханамен” 4-5 сыныптармен өткізілген іс-шаралар жүргізілді

Флешбук (дәйексөз, сурет және басқа кітап туралы ақпарат арқылы қызықты бір кітапқа тұсаукесер өткізу. **«Сюжет-кейіпкерлер-кейіпкерлердің сипаттамасы»** - берілген сұрақ-тапсырма бойынша 9-11 сыныптарға тапсырмалар әлеуметтік желі (мектеп инстаграмм парақшасы арқылы) кітаптың мазмұнынан тапсырмалар жолданды;

5-6 сыныптарға Толымбек Әбдірайымның «Алабұға аулаған күн» кітабы желісіне суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Қылқалам туындылары арқылы балалар мен жасөспірімдер арасында кітап оқуды дәріптеу мақсатында мектеп кітапханасында 2021 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында ел болып оқуға таңдалған кітаптар қатарына енген **Толымбек Әбдірайымның «Алабұға аулаған күн»** кітабы желісімен мектепішілік сурет байқауы ұйымдастырылды.

Балалар суреттері әртүрлі бейнелеу құралдары (түрлі-түсті қарындаш, гуашь, субояу, пастель және т.б.) қолдана отырып салынады А4 пішінде салынды.

7 слайд «Менің сүйікті авторым..» мерей той иегерлеріне арналған виртуальді және кітап көрмелерін жасау , конкурстар ұйымдастырдық

(«Мой любимый автор»)

- 1) Мұқағали Мақатаев тың 90 жылдығына арналған көрме; онлайн оқулары 6-8 сыныптар арасында өтті
- 2) Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған 5-7 сыныптармен конкурстар өтті ;
- 3) Жамбыл Жабаев 175 жылдығына арналған өлеңдерін мәнерлеп оқу конкурсы;
- 4) Агния Барто 115 жылдығына арналған аудандық конкурсы 4 сыныптар арасында 2 оқушы дайындалған , Асыл Инжу 2 орынға иеленіп мадақтама алды;

8 слайд «Кітап сыйлаймын» акциясы кітапханамызда өткізіліп тұрады. Балалар өздері оқыған кітаптарын сыйлайды. Мектеп бітіруші түлектеріміз ескерткіш ретінде кітап сыйлайды да .

9 слайд «Мен әлемді кітаппен танимын...» атты үнемі мерекелік , арнайы кітаптар көрмесі оқушыларды қызықтырады. 1 сыныптарды кітап әлемімен таныстырудан басталады. **(Я с книгой открываю мир!)**

10 слайд «Отбасымен бірге кітап оқимыз»

Мектебіміздің 1 «Ә» сынып оқушысы Ерахмет Алихан «Отбасымен бірге кітап оқимыз» атты онлайн іс шарасына қатысты. Кітапханасында ұйымдастырылған онлайн конкурсы. **(Читаем всей семьей!)**

11 слайд 5 «А»сынып оқушысы Утепова Қарлығаш мектеп кітапханасының күнделікті оқырманы. Оқушының өзінің сүйікті шығармалары мен қызықты кейіпкерлері бар. Қарлығаш отбасымен кітап оқуды ұнатады ,үйлерінде шағын кітап сөресі бар. Олар «Отбасымен бірге кітап оқимыз» атты онлайн іс-шарасына қатысты.**(Книга моей домашней библиотеки)**

